

**«АҚТӨБЕ ҚАЛАЛЫҚ БІЛІМ БӨЛІМІ» ММ
«ӘДІСТЕМЕЛІК КАБИНЕТ» КММ
«№37 ОРТА МЕКТЕБІ» КММ**

**«Ақтөбе қаласы білім бөлімі» ММ
2021 жылғы «17» 09
№ 247 бұйрығымен
БЕКІТІЛДІ**

**«Тарихи тұлғалар мен жылдар»
элективті курс бағдарламасы
10-11 сыныптарға арналған**

Курс бағдарламасының негізі: К.Нұрпейіс «Тарихтағы тұлғалар». Алматы: Қазақ энциклопедиясы. 2007 жыл.

Құрастырған: Амантурлиева А.А. - «№37 орта мектебі» КММ тарих пәнінің мұғалімі.

«№37 орта мектебі» КММ педагогикалық кеңесі отырысында 10-11 сыныптарға арналған «Тарихи тұлғалар мен жылдар» элективті курс бағдарламасы талқыланды.

Хаттама № 1 «28» тамыз **2021 жыл**

Мектеп директоры  **К.К.Абуова**
(колы)

Қалалық сараптау комиссиясының отырысында «Тарихи тұлғалар мен жылдар» 10-11 сыныптарға арналған элективті курс бағдарламасы мақұлданды.

Хаттама № 1 «17» 09 **2021 жыл**

Сараптау комиссиясының төрағасы  **М.О.Қосымбаева**
(колы)

**Ақтөбе қаласындағы «№37 орта мектебі» КММ-нің тарих пәні
мұғалімі А.А.Амантурлиеваның «Тарихтағы тұлғалар мен жылдар»
курсы бойынша құрастырған бағдарламасына**

П І К І Р

Тарих – халықтың сана -сезімін оятатын рухани ғылым саласы. Тарих өмірге көзқарасты, рухани ізгі мұраттарды қалыптастырады. Ол – жас буынның сана – сезімін оятып, оларды адамгершілікке, толеранттылыққа тәрбиелейтін өмір оқулығы.

Жалпы білім беретін мектептегі тарих пәнінің арнаулы курсының өзектілігі – оқушының оқырмандық мәдениетін жетілдіруді, халықтың тарихи мұралары туралы жүйелі түсінінік беруді және азаматтардың отансүйгіштік құндылықтарын шәкірт бойына сіңіруді көздейді.

«Тарихтағы тұлғалар мен жылдар» курсын бұл күнге дейін кешенді түрде жоғары оқу орындарының тарих факультетінде жүзеге асырылып келген, ал оны мектептерде оқытылуы тәуелсіз Қазақстанның келешек жастарының жан – жақты білімді етіп тәрбиеленуіне септігін тигізетіні сөзсіз.

Мұғалім А.А.Амантурлиеваның «Тарихтағы тұлғалар мен жылдар» факультативінің бағдарламасы осындай үлкен мақсатты көздей отырып, жүйелі әрі мектеп оқушысының білім деңгейіне қолайлы етіп құрылған. Сондықтан «Тарихтағы тұлғалар мен жылдар» факультативін оқу үрдісіне енгізуге болады.

Пікір беруші:

Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ

Тарих факультеті

Тарих ғылымдарының кандидаты

А.Абденов



Түсінік хат

Жалпы білім беретін мектепте Қазақстан тарихы негізгі пәндердің бірі. Өйткені кез-келген мемлекеттің азаматы өз елінің, мемлекеттің, сол мемлекетті мекендеп отырған халықтардың тарихын білуге құштар. Кеңестік тоталитарлық идеологияның күйреуі Қазақстан тарихына жаңа бағыттар алып келуде.

Төл тарихымыз қайта жазылып, қасиетті Қазақ елінің тарихы өз халқының талабына сай қызмет ете бастады. Еліміздің қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық өмірінде болып жатқан өзгерістер мен жаңалықтар, жаңа үрдістер адамзат баласы ғасырлар бойы жинақтаған құндылықтары мен игіліктерін қайта зерделеп, жаңаша көзқарастар мен тұжырымдарды қалыптастыруда.

Жеке пәндерді тереңдетіп оқытуды қамтамасыз ету мақсатында тарих пәндерінен жекелеген үйірмелер бар.

10-11 сынып оқушыларын қамтыған «Тарихи тұлғалар мен жылдар» элективті курсы оқушылардың Отан тарихының негізгі оқиғаларына байланысты, ондағы тарихи тұлғалардың алар орны, қызметі т.б. мәліметтері бойынша білімдерін тереңдетуге мүмкіндік береді.

«Тарихи тұлғалар мен жылдар» арнайы элективтік бағдарламада ежелгі заманнан бастап қазіргі заман тарихына дейінгі тарихи тұлғалардың тарихтағы рөлін ашып, тұлғаларға қатысты оқиғалар мен олардың тағдырын баяндайды. Тарихта өзіндік орны бар түрлі тұлғалармен танысады. Аталмыш бағдарламаны курсты игеру мақсатында басқа да қосымша материалдарды пайдалану арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға назар аударады. Түрлі өздік жұмыстар оқушылардың өзі бетінше білімдерін дамытуға ықпал етеді.

Мақсаты:

Отан тарихындағы тарихи тұлғалардың өмірі, еңбектері, қызметі жайында негізгі мәлімет беру, тұлғалар жайлы мағлұматтарды терең меңгерту, тұлғаларға баға бере білуге үйрету, бағдарлау, анықтау тәсілін үйрету;

Міндеттері:

- Отан тарихын құрметтеуге үйрету.
- Ұлттық рухты дамыту.
- Маңызды істерді шешуге қабілетті, іскер, жауапкершілікті жеке тұлғаны қалыптастыру.
- Тарихи тұлғалар жайлы мағлұмат беру арқылы Қазақстан тарихынан алған білімдерін кеңейтуге көмектесу;
- Жас ұрпақты әлеуметтік белсенділікке, адамзат басынан кешірген аса елеулі тарихи оқиғалармен, ол жинақтаған бағалы құндылықтармен таныстыра отырып, жауапкершілікке, тиянақтылыққа тәрбиелеу болып табылады.

Күтілетін нәтижесі:

Жан-жақты білімді, өзі ойын еркін білдіре алатын, дүниетанымдық көзқарасы қалыптасқан, тарихи құндылықтарды бағалай білетін, зиялы тұлға тәрбиеленеді.

Курстың ерекшелігі:

- оқу материалдарының жүйелігі,
- білімнің сараланып берілуі
- білімділік, дамытушылық, тәрбиелік тұрғыдағы жүйелілігі
- оқушылар толық тарихи тұлғалар мен танысады.

Аптасына 1 сағат, жылына 34 сағат.

**«Тарихи тұлғалар мен жылдар» элективті курсының бағдарламасының
мазмұны мен құрылымы. 11-сынып**

Кіріспе (1 сағат):

Жалпы тарих туралы түсінік, тарихи тұлғалар деген кімдер, олар тарихта қандай орны бар, қандай адамдарды тарихи тұлғалар қатарына жатқызуға болады, арнайы курстың мақсаты мен міндетін таныстыра отырып, тарихтағы тарихи тұлғалардың орнын анықтауға бағыт беріледі.

Тарихи тұлғалар деген кімдер? (3 сағат)

Жалпы тарихи тұлғалардың тарихта алатын орны, атқарған қызметі, белгілі бір оқиға ықпалы. Тарихи тұлғалар жайлы деректер, зерттеу объектілері, зерттеу бағыты, тарихи баға беру, қазіргі Қазақстан тарихында тарихи тұлғаларға қаншалықты баға берілген, қаншалықты дәрежеде айтылады т.б.

Тарихи тұлғалар жайында әлемдік тарихта (2 сағат)

Қазақ елінің тарихында өзіндік орны бар басқа елдің тарихи тұлғалары: шетелдік Қазақстанды зерттеушілер, саяхатшылар, қазақ елі жайында еңбек жазғандар, қазақ тарихында өзіндік орны бар шетелдік тұлғалар, Қазақ тарихындағы белгілі тұлғалар жайында шетелдік зерттеулер: ежелгі, орта ғасырлық шетелдік тарихшылар қазақтың белгілі тұлғалар жайында, белгілі еңбектер, зерттеулер т.б.

Тарихи тұлғаларға берілетін баға (2 сағат)

Тарихи баға беру, олардың тарихта атқарған қызметінің ара жігін ажырату, олардың қызметіне тарихи көзқарасты негізге ала отырып баға беру, негізгі дерек көздер: тарихи тұлғалар жайлы ғылыми зерттеу жұмыстары, әдебиеттер, көркем әдебиеттер, БАҚ, АКТ т.б. тарихи тұлғалар жайлы пікірлер, мақалалар т.б.

Тарихи тұлғалар менің өмірімде (4 сағат)

Тіған өлкемізден шыққан әйгілі тұлғалар, олар жайлы деректер, өзің үлгі, идеал тұтатын тарихи тұлғалар, тарихи тұлғалар туралы тапсырмалар, ҰБТ-де кездесетін тарихи тұлғалар туралы тапсырмалар, оларды орындау жолдары т.б. Әлемдік тарихи құбылыстарға бетбұрыс жасаған тарихи тұлғалар, Шыңғыс хан, Еділ патша т.б.

Тарихи тұлғалар туралы қарама-қайшы пікірлер (3 сағат)

Тарихи тұлғалар жайлы әр-түрлі пікірлер, пікір қайшылықтары, тарихты орны болса да елеусіз қалған тарихи тұлғалар, тарихи тұлғалар жайлы отандық және шетелдік әдеби шығармалар, кинотуындылар

Қайталау (1 сағат)

Қазақ мемлекетінің қалыптасуына ықпал еткен тарихи тұлғалар (4 сағат)

Қазақ хандығының қалыптасуына ықпал еткен билеушілер, хандар. Хандық билік құрған тұлғалар. Қазақ мемлекетін қорғаған батырлар, әскербасылар. Ұлы ойшылдар, билер

Мәдениет қайраткерлері (3 сағат)

Ғалымдар, қазақ ғылымының қалыптасуына ықпал еткен тұлғалар, Қазақ КСР Ғылым академиясының құрылуының басында болған тұлғалар, акын-жазушылар, Жазушылар Одағының мүшелері, өнер қайраткерлері, актерлар, әншілер

XX ғасырдың басындағы тарихи тұлғалар (3 сағат)

Ұлт-азаттық қозғалас басшылары, XX ғасырдың басындағы қазақ мемлекеттілігі үшін күрескен тұлғалар, алаш қайраткерлері, либерал-демократиялық қайраткерлер, XX ғасырдың 30-жылдары жазықсыз жапа шеккен қуғын-сүргін құрбандары

Кеңестік Қазақстан: тұлғалар, қилы тағдырлар (3 сағат)

Ұлы Отан соғысы: батырлар, қаһарман тұлғалар, тоталитарлық жүйеге қарсылық білдірген тұлғалар, диссиденттер, партия, мемлекет қайраткерлері, Қазақ КСР-ін басқарған тұлғалар

Тәуелсіз Қазақстан (3 сағат)

Тәуелсіз қазақстанның дамуына үлес қосқан тұлғалар, тәуелсіздік және тұлғалар, мемлекет қайраткерлері, шетелдегі қазақ диаспорасының белгілі өкілдері, ҚР тұңғыш Президенті, Елбасы Н.Ә.Назарбаев

Қорытынды-қайталау (1 сағат)

27

Күнтізбелік-тақырыптық жоспар. 11-сынып

Реті	Сабақтың тақырыптары	Сағат саны	Мерзімі	
I жарты жылдық			II а	II ә
1.	Кіріспе	1	04.09	
2.	Тарихи тұлғалар: олардың тарихта алатын орны	1	14.09	
3.	Тарихи тұлғалар жайлы зерттеу. Негізгі деректер	1	21.09	
4.	Тарихи тұлғалар жайында Қазақстан тарихы не айтады?	1	28.09	
5.	Қазақ елінің тарихында өзіндік орны бар басқа елдің тарихи тұлғалары	1	05.10	
6.	Қазақ тарихындағы белгілі тұлғалар жайында шетелдік зерттеулер	1	12.10	
7.	Тарихи тұлғаларға баға бере білу	1	19.10	
8.	Негізгі дерек көздер: ғылыми зерттеу, әдебиет, БАҚ, АКТ т.б.	1	26.10	
9.	Біздің өлкемізден шыққан тарихи тұлғалар	1	09.11	
10.	Тарихи тұлғалар жайындағы ҰБТ тапсырмалары	1	16.11	
11.	«Мен үлгі тұтатын тарихи тұлға»	1	23.11	
12.	Әлемде бетбұрыс жасаған тарихи тұлғалар	1	30.11	
13.	Тарихи тұлғалар жайында қарама-қайшы пікірлер	1	07.12	
14.	Елеусіз қалған тарихи тұлғалар	1	14.12	
15.	Тарихи тұлғалар жайлы әдеби шығармалар, кинотуындылар	1	21.12	
16.	Қайталау. Білімді коррекциялау	1	28.12	
17.	Қазақ мемлекетінің қалыптасып, дамуына ықпал еткен тарихи тұлғалар	1	11.01	
18.	Хандар, көшбасшылар, мемлекет басқарған тұлғалар	1	18.01	
19.	Елім деп еңіреген ерлер. Қаһарман тұлғалар	1	25.01	
20.	Данагөй тұлғалар. Ұлы ойшылдар, билер	1	01.02	
21.	Ғылым жолы қиын жол. Ғалымдар	1	08.02	
22.	Ақын-жазушылар, қаламгерлер	1	15.02	
23.	Өнер қайраткерлері	1	22.02	

24.	Ұлт-азаттық қозғалыс басшылары	1	29.02.	
25.	Алаш қайраткерлері	1	07.03.	
26.	Жазықсыз жапа шеккендер. Кеңестік қуғын-сүргін құрбандары	1	14.03.	
27.	Ұлы Отан соғысындағы қаһарман қазақстандықтар	1	04.04.	
28.	Кеңестік жүйеге қарсылық білдірудің көшбасшылары болған тұлғалар	1	11.04.	
29.	Кеңестік Қазақстанды басқарған қайраткерлер	1	18.04.	
30.	Шетелдегі қазақ диаспорасындағы белгілі тұлғалар	1	25.04.	
31.	Тәуелсіздік кезіндегі тарихи тұлғалар	1	02.05.	
32.	Тәуелсіз Қазақстанның дамуына үлес қосқан тұлғалар	1		29.05.
33.	Тұңғыш Президент Н.Ә.Назарбаев	1	16.05.	
34.	Қорытынды-қайталау	1	23.05.	

Пайдаланылған әдебиеттер:

Негізгі әдебиеттер тізімі:

- Қазақстан тарихы Қозыбаев М.Қ., Нұрпейіс К.Н. Алматы «Атамұра» 2010
- Қазақстан тарихы Ш.Т. Бектасов Көкшетау 2010ж.

Қосымша әдебиеттер тізімі:

- Қазақстан тарихы очерктер «Алматы» 1994ж.
- Қазақстан тарихы 1-5 том
- Н.Ә.Назарбаев «Евразия жүрегінде», Алматы 2005ж.
- І.Есенберлин «Көшпенділер» 1-2 том, Алматы 1994ж.
- М.Әуезов «Абай жолы» 1-2 том, Алматы 1996ж.
- М.Қозыбаев «Ақтаңдақтар ақиқаты» Алматы 1992ж.
- Қазақстан тарихы әдістемелік журналдар
- Қазақ Ұлттық энциклопедиясы І-ІҮ т.
- М.Қойгелдиев Алаш қозғалысы. Алматы, 1995